


23.3(0)27

255



Жаңа оқулық

А 2005

12535к

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

I

Хрестоматия

Темірхан ТЕБЕГЕНОВ

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ

(XIX-XX ғасырлар)

Хрестоматиялық оқу құралы

Бірінші кітап

“Арыс” баспасы
Алматы
2004

ББК 83.3(0)

Ә-52

Пікір жазғандар:

М.Х. МАДАНОВА,

филология ғылымдарының докторы, профессор

К.И. МИРЗОЕВ,

филология ғылымдарының докторы, профессор

Ә-52 Тебегенов Т. Әлем әдебиеті (XIX-XX ғасырлар).
Хрестоматиялық оқу құралы. — Алматы: “Арыс” баспасы 2004.
— 168 бет.


ISBN 9965-17-202-1

Қазақстандағы жоғары оқу орындарында әлем әдебиетін мемлекеттік қазақ тілінде оқытуды жетілдіре түсу мақсатында тұңғыш рет жарық көріп отырған бұл оқу құралына Азия, Африка құрлықтарындағы халықтар (түрік, парсы, қытай, жапон, үнді, монгол, негр) ақын-жазушыларының шығармалары негізіліп отыр. Кітапқа енген туындылар көркем аударма шығармашылық өнерінің қазақ және шығыс халықтары әдебиеттері байланыстарындағы елеулі қызметін де танытады.

Оқу құралы студенттерге, әлем әдебиеті үлгілеріне құмар оқырман қауымға арналған.

ББК 83.3(0)

Ә 4603000000
446(05)-04



ISBN 9965-17-202-1

© “Арыс”, Тебегенов Т., 2004

ӘЛЕМ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІ — АДАМЗАТТЫҢ ҰЛТТЫҚ ЖӘНЕ ОРТАҚ РУХАНИ ҚАЗЫНАСЫ

Дүниежүзіндегі барлық халықтардың тарихымен бірге пайда болып, қалыптасып, дамып, сақталып келе жатқан рухани мәдениеттің елеулі саласы — фольклор мен әдебиет мұралары. Планетамыздағы барлық халықтардың сөз өнері қазынасын құрайтын туындылар адамзатқа ортақ гуманистік ізгі мұраттарды танытады. Дүниежүзі халықтарының әр түрлі көлемдегі сөз өнері үлгілері бар. Тарихтың даму қозғалысы жүйесінде саналуан байланыстар, ықпалдастықтар процесі де жүріп жатады. Бұл — өркениеттер арасындағы тарихи-мәдени байланыстардың қалыптасқан заңдылығы. Байырғы түркі өркениеті мен оның арғы — бергі дамуындағы жалғасқан дәстүрлі жол әлемнің әр түрлі аймақтарына белгілі дәрежеде ықпалдарын тигізгені — тарихтың ақиқаты. Әрине, Атилла басқарған ғұндар билігінің (434—452 жж.) Еуропадағы халықтар мәдениетінің қалыптасуына, дамуына елеулі негіз қалағаны анық. Ғұн тайпалары одағының Шығыс Рим империясына (443, 447—448 жж.), Галлияға (451 ж.), Солтүстік Италияға (452 ж.) жасаған жорықтары бірнеше халықтардың араласа сіңісіп қалыптасуына негіз қалады. Ғұндар мекендеген Еуроазияның географиялық кеңістігінде олардан кейін өмір сүрген халықтардың арасында этникалық араласу, өзара сіңісу жағдайлары жүрді. Еуропадағы халықтардың көп ғасырлар бойы қалыптасу, даму тарихы олардың әрқайсысының дербес халықтық — ұлттық даралық сипаттарын белгіледі. Алайда ғұндар мәдениетінің сілемдері Еуропа өркениетінде сақталды. Бұл, әрине, арнайы зерттеуді қажет етеді.

Байырғы түркі өркениетінің Азия, Еуропа халықтары мәдениеттерімен өзара ықпалдасу, араласу қозғалысы ғасырлар бойы үздіксіз жүріп келеді. Бұл процестің белсенді қозғалыста болған кезеңі — XII—XIV ғ.ғ. Бұл ғасырлардағы түркі және көрші халықтар, құрлықтар мәдениеттерінің өзара ықпалдасуында мынадай мемлекеттік құрылымдар айрықша ықпалды қызмет атқарады:

1. XIII—XV ғ.ғ. Алтын Орда (Дешті-Қыпшақ) мемлекеті. Бұл — қазақ өркениетінің айқындалған кезеңі.

2. XII—XIV ғ.ғ. Байбарыс (Бейбарыс) және т.б. мәмлүк қыпшақ сұлтандары басқарған Арабстандағы Қыпшақ (қазақ) мемлекеті.

3. XIV—XVI ғ.ғ. Үндістандағы Захираддин Бабыр және оның ұрпақтары басқарған Ұлы Моғолдар империясы.

4. XIV—XX ғ.ғ. Азияның, Африканың және Еуропаның көптеген өлкелерін қоластына қамтыған Осман түріктері империясының мемлекеттік құрылымы.

Демек, байырғы түркі және қазақ өркениетінен бастау алған мәдени байланыстар планетамыздағы халықтар мәдениеттерінің дамуына елеулі дәрежеде пайдалы ықпалдарын тигізді. Аталған мемлекеттердің басқару құрылымында болған халықтардың әдеби тілдерінің құрамына көптеген түркі (қазақ) сөздері енді. Аталық және аналық тектері түркілік өулеттерден шыққан еуропалық және азиялық көптеген ақын-жазушылар, ғалымдар шоғыры бүкіл әлемге аян болып танылды. Бұл — тарихтың деректі шындығы. Әрине, түркі (қазақ) өркениетінің даму желісінде ислам діні мәдениетімен тоғыса толысу құбылысының болғаны да анық. IX—XII ғ.ғ. арасында араб халифатына кіретін халықтарға ислам дінінің таралуына байланысты Азия мен Еуропа, Африка құрлықтары халықтарының сөз өнеріне Шығыстың фольклоры мен әдебиеттері, олардың классикалық дәстүрлері араласа бастады. Араб, парсы, түркі халықтары поэзиясындағы дәстүрлі тақырыптардың сарындарымен (махаббат, табиғат, көңіл — күй лирикасы) жырлау Еуропа әдебиеттерінде кеңінен таралды. Әлем халықтарының әдебиеттерін оқу арқылы жалпыадамзаттық рухани құндылықтар игеріледі.

Азия, Африка, Еуропа, Америка, Австралия құрлықтары қаламгерлерінің XIX—XX ғ.ғ. шығармалары — әлем халықтары мәдениеттерінің бұған дейінгі дамуының заңды жалғасы. Тілдері, діндері әр түрлі халықтардың әдебиеттерінің тандаулы үлгілерін оқу арқылы адамзат мәдениетін игеруге мүмкіндіктер жасалады. Көркем шығармалардың идеялық-композициялық, көркемдік сипаты арқылы халқымыз барлық адамдарға ортақ ішкі жандүниенің психологиялық құбылыстары мен сыртқы қоршаған әлеуметтік ортаның, табиғаттың өзара байланысқан күрделі құбылыстарын, қозғалыстарын тереңдей тани бастайды. Яғни

әлем халықтарының әдебиеттері — дүниежүзінің барлық түкпірлеріндегі адамдардың ортақ рухани мәдениет қазынасы.

Қазақстанның тәуелсіздігі салтанат құрған жаңа тарихында біздің ұрпақтарымыз әлем халықтарының мәдениетін бұрынғыдан да терең, кең көлемде игереді. Қазақтың ұлттық рухани мәдениеті мен әлем халықтарының әдеби-фольклорлық мұраларын сабақтастыру арқылы біз өсу, кемелдену биіктеріне өрлей береміз. Қазақстандағы шәкірттерге арналған “Әлем әдебиеті” (XIX—XX ғ.ғ.) атты бұл хрестоматиялық оқу құралы біздің қазақ тілінің поэтикалық мол мүмкіндіктерін таныта алады. Яғни осы оқу құралына енгізілген әлемнің әртүрлі елдерінің ақын — жазушыларының туындылары көркем аударма өнерінің ерекшеліктерін аңдатады. Аудармашы қаламгерлер түпнұсқа шығармалардың негізгі авторлық бояуларын толық жеткізу үшін қазақ сөздерінің бай қорын шеберлікпен қолданған. Оқу құралындағы мәтіндер аудармашы ақын-жазушыларымыздың да суреткерлік тұлғаларын байқатады. Әрине, түпнұсқа авторлардың өздеріне тән шығармашылық әлемі кітаптағы туындылар арқылы танылады.

Қорыта айтқанда, әлем халықтарының әдебиеттері шәкірттердің ұлттық дүниетанымын байыта түседі. Ұлттық сөз өнеріміздің де көркемдік арналары әлем халықтары әдебиеттерімен сабақтаса дамуды жалғастыра береді.

*Темірхан ТЕБЕГЕНОВ,
филология ғылымдарының
докторы, профессор*

АЗИЯ ЖӘНЕ АФРИКА ҚҰРЛЫҚТАРЫ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ ӘДЕБИЕТІ

Мағжан ЖҰМАБАЕВ:

Қысық көзді Күншығыс,
Бұл тұруың қай тұрыс?
Серпіл енді, алыбым!...
... Мұндарларды адасқан,
Айрылып естен шатасқан
Күншығыстың жолына
Салайық, шетсін демейік,
Аямайық көмейік
Күншығыстың нұрына...

(Жұмабаев М.Ш. “Күншығыс” өлеңінен. Шығармалары, 1989, 53-бет).

Мұхтар ӘУЕЗОВ:

“Ұлттық сипаттарды жаңғыртуда Азия мен Африка суреткерлерінің іс жүзінде қандай жаңалықтар әкелгенін тереңірек білгіміз келеді” (Ташкентте өткен Азия мен Африка елдері жазушылары конференциясының (1958 ж.) негізгі мәжілісінде сөйлеген сөзінен. Әуезов М.О. 20 томдық шығ. жин. 20-т. 294-б.).

Ғабит МҮСІРЕПОВ:

“Кешегісіз бүгін жоқ, бүгінсіз ертең жоқ. Азия — Африка жазушыларының шығармаларында Чака зұлыс пен Манас, Қобыланды мен Баян қайта тірілсе, оған таңдануға болмайды. Әр ел өзінің кім екенін кешегісімен де, бүгінгісімен де толық таныта алмақ. Ертеңгі бейнесі осылардан тумак” (Мүсірепов Ғ. “Әзірлен, Алматы, әзірлен!” мақаласынан. “Заман және әдебиет” кітабы. 210-б.).

ТҮРІК ӘДЕБИЕТІ

НАЗЫМ ХИКМЕТ РАН

(1902—1963)

Түрік әдебиетінің көрнекті жазушысы, ақын, прозашы, драматург. Түріктің революцияшыл поэзиясының негізін салушы. Түрік әдебиетіне жаңа ырғақтар, еркін өлең өлшемдерін енгізуші. Шығармалары: “Күн сәулесін сімірген өлеңдер” (1928), “835 тармақ” (1929), “Дауысын жоғалтқан қала” (1931); XX ғасыр тарихының поэтикалық эпопеясы “Адамдық панорама” (1941 — 1961); Пьесалары: “Бәрімен ұмытылған” (1935), “Дарақы” (1955). Дүниежүзілік Бейбітшілік Кеңесі Бюросының (1951), Төралқасының (1959) мүшесі.

Назым Хикметтің қазақ тіліне көптеген шығармалары аударылды.

Абақтыда отыратын адамға айтар ақылым

Сенер болсаң

Отаныңа,

бейбіт таңға,

адамға —

Дар ағашы тұрар күтіп,

қаһар шашып саған да.

Не болмаса,

Яки он жыл,

Яки жиырма бес жылға

қояр қамап абақтыға.

Сен шүкір ет оған да.

Түскенмен де

Сен қабағат қасіреттің торына,

Санамағын өзінді тек

Адамзаттың қорына.

Айрылмағайсың, бауырым,

Тістен қатып өмірден,

Бір күн болсын көп өмір сүр

Дұшпаныңның сорына.

Бұл зынданның сор-азабы

Тандайыңа татыр-ақ.
Сонда да сен
қу қара жер төсек болып жатын-ақ
қалт жібермей сезінуге тиістісің қалайда
Жеті қабат жер түбінде
Сілкінсе бір жапырақ.
Келмей ме деп бір хат-хабар
Қамырыққан шақтарда
Теріс емес
Зарлы әуенмен шер тарқатып жатқан да.
Не болмаса
Кірпік ілмей таң атқанша жат та қой,
Бұл да оңды,
Әйтсе-дағы, дұрысы — одан сақтанған.
Өз-өзіңе байқас боп жүр.
Жасыңды ұмыт, тілегім.
Берген асын жалап-жұқтап қою болсын — білерің.
Биттен сақ бол.
Бой алдырма
Көктем күліп келгенде.
Ең бастысы,
Жадында тұт —
Шалқып — тасып күле біл!
Жарың, бәлки, опа бермес —
тым таусылып тоқтауың
ықтимал ғой.
Десе — дағы, шағылмасын көп тауың.
Илан маған,
Абақтыда отырғанда ойлайсың
Талшыбықты сындырды — ау деп
Оқыс ұрған көк дауыл...
Гүлді ойласаң — күнің қараң, отырғанда оңаша.
Онан-дағы
Теңіздерді, тауды еске алсаң — тамаша.
Көп оқып, көп жазған оңды.
Тоқу білсең — құба-құп.
Не болмаса —
Шишашы бол, егер көңілің қаласа.
Бекем болсаң, жасымасаң

түскен кезде басқа сын,
Айлар ағып,
Сан жылдардың қырқасынан асқасын
Көңтерілі боп шығасың.
Ең абзалы, бауырым,
Кеудендегі жүрек деген асылды
Тот баспасын.

**Сендердің қолдарың хақында
һәм жалғандық жайлы өлең**

Қолдарыңды кәдімгі қара тас па деп те қаламын,
Жапа шегіп жеңдеттен
Зынданда жатқан мүскіннің запыран зарын
Естігендей де боламын.
Мынау қолдарда
Титықтап біткен қыршаңқы-сынды қажу бар.
Ұқсатып тұрмын жүзіне және
Аштықтан іскен баланың.
Мынау қолдардан
баларасының ұшқырлығын да танымын,
Қасиетін ұқтым
Ана сүті бұрқырап тұрған ақ мамасындай сәбидің.
Мынау қолдардан
өміршең тірліктің жүректілігі табылар,
Күс басқанмен де
Дарқан достардың қолының ыстық табы бар.
Көк өгіз емес көтеріп тұрған өлемді,
Құдіретті қолдар көтеріп тұрған
Жер-анамыздың бағы бар!
Белшеден батып сор кешкен,
Тұнған байлықтың дәмін де татып көрместен
Көбік сөздерге қарық боп
Өте барасындар өмірден дәйім жарымай,
Қайран да бауырларым-ай!
Африка, не Азиядан,
Не Таяу Шығыс елінен,
Не Қиыр Шығыс,
Не Тынық Мұхиттың шегінен,

Қай тараптан да бол, мейлің,
Планетамның халқының төрттен үш бөлігі
Бәрі де маған бауырлас туған ел деймін,
Ешқайсысын да алалап, өсте бөлмеймін.
Қолдарың сынды сендер де көп көргенсіңдер,
Жүрегі жомарт,
Аңғал да атпал ерсіндер.
Қайран да бауырластарым!
Европадан, Америкадан бол, мейлің,
һәм аңғырт, һәм бимазасыңдар —
Қолдарың сынды тер сіңген.
Абай болыңдар!
Аярлардың сикыр сөзіне
Алдана көрмегейсіңдер!
Қайран да бауырластарым!
Егер сәт сайын антенналар да,
Ротациялар да,
Көркем кітаптар да тұрса алдан,
Қабырғадағы жарнамалар да,
Бағанадағы хабарламалар да,
Экрандардан сылқым сұлулар да тұрса арбап,
Оқылған дұға,
Бесік жыры да,
Ресторандарда скрипкашылар ұзақты күн сарнап,
Құлаққа жеткен үндердің бәрі тұрса алдап —
Ләм деп тіс жармағайсыңдар!
Сұлу сөз,
Жанды сурет
Сендерсің
Жалпақ жаһанды билер құдірет
деп соқса егер —
Тек сеніп қалмағайсыңдар!
Алдауға құмар болатын басты себебі —
Құрыш қолдарды
Хас надан болсын дегені!
Сонда олар илеп балшықтай
Құлдыққа қорлап жегеді!
Қабырғаң қайысса — дағы

Қабак шытпайтын осынау фәни жалғанға
Құрыш қолдардың
Буынын түнек алғанда
Құлдыққа берік қорған боп
Өтеді мәңгі арманда...

ХОШ КЕЛДІҢ, ЖАРЫМ!

Хош келдің, жарым, хош келдің!
Қалжырап шаршадың ба сен?
Мүдіріп бұлай тұрмас ем
Жуар ем аяғынды да
Тапсам мен шылапшынды өсем.
Әлде сен шөліркедің бе,
Жағдайым болмай менің де
Тұрғаны,
Мұздай шәрбетке
Сусындатар ем, тегінде.
Не, зауқың болмай басқаға
Бұрлықтың ба аштан?
Басқа амал
Болмай тұр.
Елім сияқты
Жұтап тұр мынау тасқамал.
Хош келдің, жарым, хош келдің!
Табалдырықтан аттап ең —
Енгендей болдым баққа мен.
Күліп ең —
Тор терезеге
Гүл өсті,
Қарап баққан ем.
Моншақ жасыңды төккенің,
Қолыма тамып кеткені —
Азаттық ақ сәулесімен
Кәмерамды шарпып өткені...
Хош келдің, жарым, хош келдің!

ҚҰРЫШ БІЛЕКТЕР

Құмырсқа-сынды жердегі,
Көкте — құс
Суда — балықтай,
Кемеңгер,
Алып ерлерің
Қиратып,
Қайта жалықпай
Дүниені жасар жаңадан!
Құдірет одан өтер ме,
Тең келмес оған жан адам.
Соларды мақтан етем мен.
Сом білек
Қазып көмірді,
Мата,
Қантты да таратқан.
Тұз,
Алмас тауып,
Темірді,
Құрышты
Солар жаратқан.
Мұхиттың,
Аспан,
Даланың
Өмірі лезде
Өзгермек.
Қарбаласы мол қаланың
Өзгергенін де
Көз көрмек.
Махаббат,
Күрес,
Ой-арман
Өзгерер шат ән шырқалса
Бұғауды бұзып, оянған
Құрыш білектер бұрқанса.
Арайлы таңда нұрланар
Шалқыған кең шартарабы.

Жай тасындай-ақ қырланар
Ай жүзді, жарқын адамы.
Һәм дана,
Һәм ер шыңға асқан,
Көз алдымда тұр тұр-тұлғаң!
Ғасырлар бойы тынбастан
Жеңіске сенде ұмтылған.
Біздерге жеткен тым арғы
Дәуірден кітап көрмеген:
“Бұғаудан басқа
Олардың
Жоғалтар түгі жоқ!” — деген.

ДОКТОР ФАУСТЫҢ ҮЙІ

Түн ортасы.
Прагада осы бейжай шақ қандай.
Мұнаралар, дарбазалар
ауыр ойға батқандай.
Аспан бейне алхимиктің құтысынан аумайды
Көк жалында
Саф алтынды түнде айырып жатқандай.
Кезіп келем Праганы ұқсап бір жат мүсінге,
Жеттім Карл алаңына,
Өңім бе, әлде, түсім бе.
Көрдің бе, әне, емханаға таяу жерде, бұрышта
Доктор Фауст тұрған үйді,
Жасыл бақтың ішінде?

Екі өкпемді қолыма алып осы болды жеткенім,
Жеттім-дағы есік қақтым.
Доктор Фауст, жоқ па едің?
Жоқсың, иә,
Әмбеге аян,
Дәл екі жүз жыл бұрын,
Шайтан сені
Жеті түнде тамұққа алып кеткені.

Қағып тұрмын есікті әлі.
(Енді мұным бекер ед.)
Қанымменен қол қойылған векселіммен өтелед
бар еңбегің —
Стамбулды көрсетсең ғой көзіме
Бір сағатқа!
Шайтан алғыр,
Шайтан — ау, нең кетер ед!
Елден асқан дана қыл деп,
Жастағымды қайтар деп,
Не бақ сұрап тұрғаным жоқ.
Өзге, саған айтар кеп.
Қиын ба бұл?
Әлде құлақ аспаушы ма ең мүскінге?
Мефистофель,
Саған айтам,
Елді құртқан шайтан деп!

Сағыныштай сарғыш ай да бірте-бірте маңыстап
Бара жатыр.
Маған ыстық бұрыштағы үй.
Таныс бақ.
...Түніменен қағып шығам ашылмайтын есікті,
Доктор Фауст,
Үмітімді бір өзіңе бағыштап.

ТЕҢІЗ

Түксиген, іркес-тіркес тау шыңдары
Лезде арқа бетте таусылды, әні.
Бұрандап, тау балақтап поезымыз
Келеді сиз беткейді қаусырғалы.
Оң жақта бір машина зырлап, тегі,
Келеді.
Шофер — әйел. Күнқақты өңі.
Үстінде жасың көйлек.
Ал кузовта
Жатыр матрос, астында бір қап теңі.
Мұржалары өзді-өзін ыстап болған

Завод қалды, сан көпір қыспаққа алған
Сол жақта —
Гаванына маңыстаған
Әскери корабльге ұқсап қалған...
Жел есті теңіз лебін ала қашқан,
Бізге теңіз көзіме қарады аспан.
Жұпары жетті мәскеу алмасының
Иодтың өткір исі араласқан.
Көкпенбек әуенің де түсін ашқан
Теңізбен сол сәт оқыс ұшырасқам...
Тыпыршып жатыр екен
Гаваньдағы
Қаптаған көп кеменің пысы басқан...
Көз алдыма тез келе қалды маған
Ақсұңқар қос қанаты салбыраған
Хайуанбақта.
Поезд кеп вокзалға енді.
Тағы да мен көз жазып қалдым одан.
Вокзалдан поезд шыға берген кезде,
Оттай ыстық ұшырап бірден көзге
Көкжиек боп қарсы алды,
Көзін сүзіп —
Сонда оның
Туыстығын білтем лезде...
Ойлаған емен
Үнсіз қарап тұрып
Толқымай тұра алмайтын қарапты ұғып
Бұл тірлік жалт берер де жоғалар деп...
Түсе сап,
Құшақ жая ұшсам дедім
Теңізге,
Тұра алмастан тағат қылып...
Айлы түн болсын, мейлі шаңқай түсте,
Жатсын, тіпті, боянып шаңқан түске,
Жатсын тыныш, болмаса, жатсын мөңкіп,
Жайуат қарай алман жойқын күшке.
Жағада жайбарақат тұрып альш,
Жас күннен көрген емен бір уанып
Теңіздің әлдиіне —

Жағалауға
Шығып қалған қауашақ мұңы қарып...
Жок!
Жүзсем деймін оның жанарында,
Бір болсам балықшымен сан ағында,
Капитанмен дауылды кешсем бірге,
Сүйіктіммен ескекті ессем күнде.
Білем тек сонда құмар қанарын да —
Жүзсем деймін оның пәк жанарында...
Абзалы, Энгельсті ойлауым да...
Күлің қалса көктеңіз қойнауында
Ғажап-ау.
Ал, өз басым қалар едім
Қалсам деп Анатолия жайлауында.
Шаңқай жаз, шие пісе,
Басыма кеп
(Деменіз, бұ неғылған тосын өдет!)
Шырқатса көк мұхит пен теңіз өнін
Бар елдің теңізшісі қосыла кеп!

ӨСИЕТ

Жазса егер тағдыр осынау жарық дүниені көрмеуге,
Қапияда егер көз жұмса, қапаста мендей шерменде,
Сүйегімді алып, жолдастар,
Анатолияға апарып
Ауылдың сырт жағындағы қауымға мені жерлендер.
Сол жақта тұрсын —
Күні өткен серпілмей көңіл наласы,
Хасан-бей өзі өлтірткен жалшы Османның моласы.
Оң жақта болсын зираты
Көз жұмған Айша-мұңлықтың
Орақта жүріп босанған талайсыз туған баласын.
Өткенде зират тұсынан трактор таңмен тіл қатсын,
Өмірге келген жаңа адам
Еңбектің өнін шырқатсын.
Қанішер жандармнан да,
Жұттан да қорқу болмасын,
Жалпыға ортақ дәулеттен игілік көрсін ұрпақ шын.

Ән тербеп, шалқар атырап шын тебіренген кезінде
Жатармыз үнсіз, тілсіз бір, сұлулықты, өсте, сезінбей.
Жатармыз жым-жырт көсіліп, төрінде туған өлкенің
Еш дәрмен болмай естуге,
Көрерге болмай көзің де.

Мен, бірақ, осы ән жоқ кезде шырқағам талай бұл маңда,
Ауылдастарым ән сазын естімей,
білмей тұрғанда.

Тракторлардың жобасы жасалмас бұрын өз басым
Жанармай исін жұтқанмын құныға, құмар бір қанбай.
Бақилық қоңсым —

Осман қарт, қағажуынды көп көрген,
Қыршын жас Айша, фәниден арманда жүріп өткенмен
Өздері аңдамаса да, осынау күнді аңсаумен
Қамығып, қабақ шытпастан қысқа ғұмырды өткерген.
Жолдастар, татар дәм бітіп,
Көз жұмса мендей шерменде,
Жазса егер тағдыр алдағы арайлы танды көрмеуге —
Қоймандар маған құлпытас,
Көктерек тұрсын тербеліп.

Анатолияға апарып, ауылға мені жерлендер.

(Хикмет Назым. Таңдамалы //Ауд. Қ.Жұмағалиев. —

Алматы: Жазушы, 1975. — 120-б.)

ӘЗИЗ НЕСИН

ШЫН АТЫ – ЖӨНІ МАХМУД НУСРЕТ (1915–1996)

Түріктің көрнекті жазушысы, сықақшы — юморшы, драматург. Шығармалары: өңгімелер жинақтары: “Хамди деген бүркеншік есімді піл” (1955), “Азамат жігіт” (1959), “Отан жасасын” (1975); сатиралық романдары: “Футбол королі” (1957), “Зюбюк” (1961). Жазушының көптеген шығармалары әлем халықтары тілдеріне аударылған. Ә.Несин — сықақшыларға арналған бірнеше халықаралық сыйлықтардың иегері.

Сатирик жазушының шығармалары қазақ тіліне көп аударылған. Қазақ жазушыларымен Ә.Несин арасындағы шығармашылық байланыстары әдебиеттердің араласуына септігін тигізді.

ДАМБАЛЫҢА БАУ АЛУДЫ ҰМЫТПА!

Таңертең қызметке жиылып-теріле бастағанымда, ол да бастады-ау:

— Саған қақсағанымызға, міне үш күн болды, сонда да көперіңе кіріп-шықпайды... Үйде бір түйір ірімшік қалмады! — деді.

Үш күн болса қайтейін! Ақшасыз қақсағанынан не хайыр?

— Иә, ірімшік әкелдің бе? — дейді кешке. Мен трагик-актерше мандайымды алақаныммен сарт еткізіп, “Түһ! Ұмытып кетіппін!” деймін.

Жол табылады. Таңертең басымды изеп-изеп шығамын да, кешке баяғы әніме басып, “Түһ! Ұмытып кетіппін!” деймін.

Бірақ әкемнен де қулық қалмаған екен. Үшінші күні, “Иә, ірімшік әкелдің бе?” деген дәстүрлі сұрақтарын ести сала алақанымды ыңғайлай беріп едім, әкем менше, “Түһ” деп кейді де, жанындағыларға жабырқай қарап: “Ол ұмытып кетіпті”, — деді.

Әдісім адыра қалды.

Келесі күні таңертең қырынуға кірістім.

— Ірімшік ала келуді ұмытпа!

— Жарайды.

Бәтеңкемді киіп отырмын.

— Сабын ала кел!

— Құп!

Баспалдақпен түсіп келемін.

— Қант сатып алуды ұмытпа!

— Жақсы, жақсы!

Сыртқы есікті аша бердім.

— Әй, шығып кеттің бе? Кофе, кофе!

— Кофеге не болды?

— Таусылып қалды!

— Әкелем!

Сыртқа шықтым. Сытылған-ақ шығармын деп қуандым. Терезені тарсылдатты.

— Е, немене?

— Оқыралап барасың ба? Бері кел, ыдыс ала кет! Зәйтүн майы керек.

— Әкелем, әкеле — е — ем!

Қайырылмай кете бердім.

— Әй! Үйде бір түйір күріш те қалмапты! Кешке ала кел!

— Әкелем!

Міне, олар мені күнде таңертең осылай шығарып салады. Бұл — бісмілдәсі ғана. Менің қарам үзілгенше арт жағымнан әмірлі тапсырма қарша борай береді:

— Ә — ө — әй! Дамбалыңа бау алуды ұмытпа. Тәуірінен ал! Ұмытпа!

— Бесінші шамның шишасын ал!

— Көрәсінге пілте керек!

Пөледен қашқан машайықтың кебін киіп, жүгіре басып бұрышты айналып кетемін. Сол сәтте соңымнан бір балақай қуып жетеді.

— Апам айтты...

— Не айтты?

— Сарымсақ та бітіп қалыпты.

— Оған сәлем де. Есіне түскендерінің тізімін жасай берсін. Басқасын кешке ала келем.

Өстіп қызметке барам. Барғанмен де тындыратынымды сезіп отырған шығарсыздар, ойымда да, көз алдымда да тек; ірімшік, май, сарымсақ, дамбалдың бауы т.б. тұрады.

Бүгін де кеңсеме осы “жарықтықтарды жамыратып ала кірдім”. Басымды бас емес, азық-түлік пен дүние-мүлік дүкені дерсің.

Кешке жіберіп үлгіре алмаған бір шұғыл қатынас қағаздарды дереу реттеп, тиісті орындарға аттандырып, “yh!” деп дем алып отырған бір әредігімде бөлмемізге директорымыз кіріп келді. Беті безеуленіп, мұрны делиіп кеткен. Маған бір қағазды ұсынып:

— Мынау не? — деді.

— Қағаз...

— Оқы! Дауыстап оқы!

Бөлмедегі машинистка, хатшы, қызметкерлер бәрі елен ете қалды. Мен қағазды алып, оқи жөнелдім. “Бас басқармаға. Мәртебелі бастыққа. Пөленбай күнгі түгенбай нөмірлі бұйрығыңызға жауап. Шұғыл түрде шұқшия тексерілуге, нақты шара қолданылуға тиісті жәйттердің бәрін жөнге келтіріп, алдыңызға жайып салып отырмыз. Осыған орай мына төмендегі мәселелердің басын ашып, бекітіп берсеңіз екен:

— Шаруаларға арнап шығарылған ірімшіктің бізге қажетті шамалы, себебі, бағасы тым қымбат сияқты;

— Дамбалдың бауын Махұт-паша ауданындағы кезбе саудагерлерден сатып алған жөн;

— котлетке деген екі жүз елу грамм сиыр етін тұтас бермей, екі бөліп беру керек;

— шамның шишасын сатып алғанда өткен жолғыша сынығын ала салмай, бүтінін таңдап алу керек;

— сабынның қымбат екенін ескеріп, сабынды суды беталды төге салмай, тағы да кір жууға пайдалана білу керек;

— кофені үнемдеу үшін оның самасын екінші рет қайнатып ішу қажет.

Бұл документті сізге жолдағандағы мақсатымыз, басшылыққа алынып, көпшілікке таратылып, орындалуы қадағаланса екен дейміз.

— Сонымен, бұл немене? — деп директор тағы ежірейді.

Ресми документті басымдағы барыммен толтырып, айдалаға лағып кеткенімді түсіндім.

— Саған не болған? — дейді директор.

— Білмеймін, — деймін.

— Сен сандырақтасаң сандырақтаған шығарсың, ал бастығыңның қол қойғаны несі?

— Жауапсыздығы! — деп бүрк еттім.

— Мейлі, солай-ақ болсын... Ал хат бөліміндегілер ай қарап отыр ма?

— Олар да бетімен кеткен!

— Мейлі, олар бетімен кетсе кете берсін, ал директордың орынбасары не бітіріп отыр?

— Омалып қалсын!

Директор сәл-пәл ойланды да:

— Бәрі де байқамай қалған болды. Ал мен ше? Мен бұл былжырақты бас директорға қалай ғана жібердім екен?! — деді.

— Иә, бұл енді...

— Немене — е — е?!

— Қатып кетті.

— Ал егер бас директор сенің бұл шатпағыңды оқымастан министрге жолдап жіберсе қайттік?

— Онда құрыдық! — деп бөлмедегі бәріміз шу ете қалдық.

— Жок, біздің су ішеріміз бар екен! Бас директор асығып — үсігіп жүгіріпті де, бұл документті министрге деген конвертке салмай, бір көңілдес әйеліме деген конвертке салып жіберіпті.

— Уһ!

— Ал почтадағы алаңғасарлар ол әйелге деген хатты маған жіберіпті. Министрге жолдаған пакет ұшты-күйді жоқ боп кетіпті. Бәріміз де көңілденіп, серпіліп қалдық.

Алаңғасарлар жасасын!... Рас, кейде олардың “арқасында” газеттерден, “Пәленбай мекемеде жалақы үнемдеу мақсатымен жиырма екі қызметкер жұмыстан босатылады. Олардың орнына үш жүз адам алынатын болады” — деген хабарландыруды оқимыз кейде. Оқасы жоқ. Өмірде бәрі де болады!...

КІМ НЕ ДЕЙДІ

АҚЫН МЕН ӘЙЕЛ

— Ақымақ! Қайдан келген кемеңгерсің?! Сен кәдімгі ақымақсың! Ұқтың ба?!

— Ұқтым, қымбаттым. Көзімді бақырайтып қойып айтқаның не? Мені есекдәмелі болып жүре беруден де үмітін үзсін дейсің бе?!

— Менің төзімім таусылды...

— Қойшы, жаным, жыламашы... Қабырғамды қайыстырып жібердің ғой... Мен өзімнің данышпан екеніме сенемін, бірақ оны әлі ешкімге айта қойған жоқпын.

— Айт, жүгір, газетке: “Мен кемеңгермін!” деп хабарландыру бер. Бірақ хабарландыру берудің саған қажетті бола да қоймас, көмейіңнен көк түтіннің қалай шыққанын көрген кісі сенің кемеңгер екенінді бірден-ақ білер... Жүріс-тұрысың, жөткірінгенің, қала берді түшкіргенің де ғажап, шынында кемеңгерден аумайсың... Жұрттың бәріне асқақ қарайсың, бәрін қор санайсың.

— Сонда менің кемеңгер болғаным кімге зиян?

— Маған. Біздің үйге. Балаларымызға зиян. Үкіметтің кемеңгерлікке жалақы бермейтініне мен кінәлімін бе? Кемеңгерді қойып, тіпті данышпанның әйелі бола қалсам да

— бақалшыға бәрібір: ақшаң жоқта аштан өлсең де қарамайды. Қыс келіп қалды, бір түйір көмірсіз, бір жағар отынсыз отырмыз... Аяқкиімнен де ада болдым.

— Жылаамашы, жаным... Мен қол қусырып отырған жоқпын ғой, жанталасып-ақ жүрмін. Өлең жинақтарымның төртіншісі шықты...

— Пішту! Қырық төртті шықса да қарық бола қоймассың!

— Сенің жаныңа батқан менің жаныма батпайтындай сөйлейсің... Мен ғажап шығарма жазбайын деп, атақ-данққа бөленбейін деп жүрмін бе? Кітаптарымның қолға тимейтін болуын, бұ дүниеде бар тілдерге аударылуын, сөйтіп шылқып байып алуды көксемей жүрмін бе? Данқ пен байлыққа не жетсін піркін!.. Оқасы жоқ, оған да қолымыз жетер! Тек ұлы шығарма ұлы оқиғаның негізінде ғана жазылады. Ондай оқиға болмай жатса, кемеңгердің амалы нешік? Мен сондай оқиғаны, сондай құбылысты тосып жүрмін; сәт сағаты соққанда тебіренермін де түлермін, ол ұлы шығарманы да жазармын. Ал сен болсаң, мені ыдыс-аяқтың маңында ұстамақсың. Маған аквариум тар, армансыз жүзіп жөнелу үшін маған мұхит керек!.. Мен сол сәтті тосып жүрмін. Саған не болды мұнша? Жылағанды қойшы, жаным. Садаған боп кетейін, жылаамашы! Тістеніп шыдап бақшы, енді тоса қоймаспыз. Менің сенімім берік. Ұлы оқиғалар мені тебірентеді де түлетеді. Күні ертең-ақ көресің...

ЖЕНДЕТ ПЕН ӘЙЕЛІ

— Болды, жетті! Кетемін... Енді шыдай алмаймын...

— Қалқашым-ау... Соңғы кезде жұмыс болмай жүргеніне мен кінәлі емеспін ғой... Не істе дейсің маған? Көшедегі жұртты бассалып аса бермекпін бе... Соттар сараң боп алды... Мейлі, жұмыс бәрібір табылар. Таңғы тамақ тәңірден деген...

— Ол таңғы тамағыңды мен тата алмаспын. Өткен жыл онша жаман болмап еді. Балаларға нәпақа болып тұрып еді. Бірақ оны айта бергеннен не қайыр, — балаларға тамақ бола ма ол.

— Жылаамашы, қалқашым, жүрегімді сыздатпашы.

Мені еркіме жіберсе, бөлемдерді күні-түні аса берер едім. Тіпті ұйықтамас та едім. Мені еріншек дей аласың ба? Жұмыстан қашып жүр дей аласың ба?

— Бір ретін келтірсеңші!

— Не істеуім керек? Сот өлім жасасына кеспеген соң мен өз төтемнен не істей алайын?! Жалақыны жұмысыма қарай төлейді, ешкімді аспаған соң ештеңе таба алмаймын.

— Біздің ұлан-ғайыр елде ұры-қары құрып қалды деген!

— Оны енді... анау полицейлер мен соттарға айт... Шіркін, билік маған тисе ғой! Бірақ өйтсем, мені қуып шығып, мен сияқты біреуді жалдар да, менің өзімді асып тастар. Сен не білуші едің... Жыламашы, қалқашым, көз жасыңды тыйшы! Мен аянып жүрген жоқпын... Балашаға тоқ болуы үшін құдайдың құтты күні асар едім, не керек! Сәл шыдашы... Көп кешікпей-ақ айымыз оңынан туар.

МОЛАШЫ МЕН ӘЙЕЛІ

— Мен балаларды аламын да кетемін. Мүлде кетеміз!

— Бұл қай сөзің? Соңғы кезде бірде-біреудің өлмей қойғанына мен кінәлімін бе? Менің қолымнан мола қазу ғана келеді. Өлік тау боп үйіліп жатып, мен бедірейіп қарап отырыппын ба? .. Жұртты бас салып сүйреп, тірідей көме алмасам керек..

— Үйде бір үзім нан жоқ...

— Жыламашы, жаным, менің де көзіме жас келіп отыр... Бұ дүние не боп барады өзі?.. Өлетін ешкім көрінбейді! Әлде о дүниеде орын болмай жатырма? Жыламашы, қалқашым, жыламашы!.. Жұмыс істе деп айтудай-ақ айтып жүрсің, қайтейін. Молашыда мола қазғаннан басқа жұмыс болушы ма еді. Өлік болмаса, бос молаға кім не төлесін. Сәл шыдай тұр. Біздің басымызға да бақ қонар. Ертең-ақ.

ЖУРНАЛИСТ ПЕН ӘЙЕЛІ

— Қыз күнімдегі армандарымның бәрі адыра қалды. Саған күйеуге шыққанда үлкен үмітпен шығып едім.

— Айналайын періштем, жыламашы, бері отыршы, сөйлесейік.

— Сөйлесетін не қалды?

— Жыламашы енді... Сен бақытты болса екен деп-ақ жүрмін ғой.